



**Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының
Ғылыми кадрларды аттестациялау департаменті туралы ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 11 шілде N 1095. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.04.21. N 370 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 Жарлығына U973377_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 69-құжат) сәйкес Қазақстан

Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ғылыми кадрларды аттестациялау департаменті туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 11 шілдедегі
N 1095 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі -
Ғылым академиясының Ғылыми кадрларды аттестациялау
департаменті (Ғылыммині - Ғылым академиясының
Ғылыми кадрлар департаменті) туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ғылыми кадрларды аттестациялау департаменті (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының құрылымына кіретін, ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз ететін орган болып табылады.

Департамент ғылыми кадрларды даярлауға және аттестациялауға басшылық жасауды, сондай-ақ заңдарда көзделген шектерде салааралық үйлестіруді қамтамасыз етеді.

2. Департамент өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға (келісімдерге), Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департаменттің аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясын ұстауға көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

4. Департаменттің құрылымы мен штаттық санын Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы айқындайды.

5. Департамент банкте шоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар заңды тұлға болып табылады.

II. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

6. Департаменттің негізгі міндеттері:
ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүзеге асыру;

ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласында нормативтік база құру және дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

диссертациялық және сараптау кеңестерін қалыптастыру, олардың қызметтеріне бақылау жасау, сараптау кеңесінің жұмысын ұйымдастыру;

ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге ғылыми дәрежелер беру туралы аттестациялық істерді бірыңғай талаптарға сәйкес қаруды ұйымдастыру және мемлекет атынан түпкілікті шешімдер қабылдау;

ғылыми кадрларды аттестациялау саласындағы сараптау қызметтерін заңмен белгіленген тәртіпте сертификациялау;

ғылыми кадрларды аттестациялау және қайта аттестациялау саласындағы

мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады.

7. Департамент өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласында заң жобаларын және өзге де нормативтік актілер мен әдістемелік құжаттарды әзірлеуге қатысады ;

мүдделі министрліктермен (мемлекеттік комитеттермен) келісе отырып ғылыми дәрежелер берілетін Ғылыми қызметкерлер мамандықтарының номенклатурасын әзірлейді ;

Ғылыми дәрежелерді беру тәртібі туралы ережені, Ғылыми қызметкерлер мамандықтарының номенклатурасын және Департаменттің төралқасы туралы Ережені бекіту үшін Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ұсынады. Департаменттің Төралқасы негізгі аттестациялық орган болып табылады және министрліктердің (мемлекеттік комитеттердің), ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орындарының ұсыныстарын ескере отырып ірі ғалымдар арасынан қалыптастырылады, аттестациялық істерді қарайды және ғылыми дәрежелерді беру туралы шешімдер қабылдауды, ғылыми қызметкерлерді қайта аттестациялауды жүзеге асырады, ерекше жағдаяттарды ескеруді талап ететін диссертацияны қорғауға байланысты басқа да мәселелерді қарайды;

Департаменттің Бюросы туралы, сараптау және диссертациялық кеңестері туралы, бөлімдер туралы ережелерді және Департаменттің жұмыс істеуіне қажетті басқа да нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлейді және бекітеді;

ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдарда, жоғары оқу орындарында аспирантуралар мен докторантуралар ашуды және жабуды, сондай-ақ оларға қабылдау жоспарларын келіседі ;

Қазақстан Республикасының министрліктерімен (мемлекеттік комитеттерімен) және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесе отырып ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау жөніндегі ағымдағы және ұзақ мерзімге арналған бағдарламалар әзірлеуге қатысады;

ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау кезіне ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-техникалық сипаттағы қызметтер көрсету саласында кәсіпкерлікке, шағын және орта бизнеске қолдау көрсетеді;

жетекші ғалымдар арасынан ғылымдар салалары бойынша сараптау кеңестерін құрады, бұл кеңестердің жеке құрамын бекітеді, олардың қызметтерін ұйымдастырады және бақылау жасайды;

ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдарда, жоғары оқу орындарында диссертациялық кеңестер жүйесін құрады, кеңестердің жеке құрамын бекітеді, кеңестерге

диссертацияларды қорғауға қабылдауға құқық беретін ғылыми мамандықтардың тізбесін белгілейді;

диссертациялық кеңестердің қызметтеріне талдау және бақылау жасайды және олардың жүйесін министрліктердің (мемлекеттік комитеттердің) өтініштерін және Ғылыми қызметкерлер мамандықтарының номенклатурасына енгізілген өзгерістерді ескере отырып қайта қарайды;

ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге ғылыми дәрежелер беру туралы аттестациялық істері оларға қойылатын талаптарға сәйкес қарайды, мемлекеттік үлгідегі дипломдарды ресімдейді және береді;

кандидаттық емтихандар мен сынақтардың тізбесін айқындайды, олардың қабылдануына бақылауды жүзеге асырады, кандидаттық емтихандардың үлгі бағдарламаларын және докторлық және аспиранттық даярлық бағдарламаларын бекітеді;

сертификациялау жөніндегі нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлейді және ғылыми кадрларды аттестациялау саласындағы сараптау қызметтерін көрсетуді сертификациялауды жүргізеді;

ғылыми кадрларды даярлау, аттестациялау және қайта аттестациялау саласында халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысады, халықаралық, басқа елдердің мемлекеттік аттестациялау органдарымен өзара қарым-қатынас пен ынтымақтастықты ұйымдастырады;

басқа елдердің мемлекеттік аттестациялау органдары берген ғылыми дәрежелері бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер, және азаматтығы жоқ тұлғалар - ғылыми қызметкерлерді нострификациялауды және қайта аттестациялауды жүргізеді;

өзіне заңмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

8. Департамент өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру және міндеттемелерді орындау кезінде:

ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды тұлғалардан белгіленген тәртіпте ақпараттар сұрауға және алуға;

ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге ғылыми дәрежелер беру мәселелері жөнінде мемлекет атынан түпкілікті шешімдер қабылдауға;

Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдерде және шетелдік азаматтарға Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіпке сәйкес диссертация қорғауға рұқсат беруді келісуге;

ғылыми кадрларды аттестациялау саласында ғылыми қызметкерлерге мамандықтар бойынша заңда белгіленген тәртіпте сараптау сертификаттарын беруге;

ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласындағы қатынастарды

құқықтық реттеу мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіпте ұсыныстар енгізуге;
өз құзыретінің шегінде нормативтік құқықтық актілер әзірлеуге және бекітуге ;

ғылыми кадрларды аттестациялау және мемлекеттік аттестациялау органдары құжаттарының баламдылығын мойындау жөніндегі мәселелер бойынша халықаралық шарттар және келісімдер жасауға және оларға қосылу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіпте ұсыныстар енгізуге;

халықаралық және мемлекетаралық ұйымдарда белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіруге, кадрларды даярлау және аттестациялау мәселелері бойынша мәжілістерге, семинарларға және конференцияларға қатысуға ;

Департаменттің Бюллетенін, ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау мәселелері жөнінде ақпараттық-талдау және ақпараттық-анықтамалық материалдар шығаруға құқылы.

III. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

9. Департаментті Директор басқарады.

Директорды Қазақстан Республикасының Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Директордың орынбасарын және бас ғылыми хатшыны Директордың ұсынуы бойынша Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

10. Департамент Директоры:

Департаменттің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасауды жүзеге асырады. Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және өзінің функцияларының жүзеге асырылуына жеке жауапкершілікте болады;

орынбасардың, бас ғылыми хатшының және құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің арасында міндеттерді бөледі;

Департаменттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады ;

Департаменттің қызметкерлерін ынталандыру және оларға тәртіптік жазалар қолдану жөнінде шешімдер қабылдайды;

Департаменттің Төралқасының жеке және сандық құрамын Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына бекітуге ұсынады;

Департаменттің сараптау кеңестері, құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және Департаментте әзірленген басқа да нормативтік құжаттарды

б е к і т е д і ;

өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдарда және ұйымдарда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Департаменті білдіреді; өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды .

11. Департаменттің жүйесіне:
докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестер;
ғылым салалары бойынша сараптау кеңестері;
Департаменттің Төралқасы кіреді.

Ағымдағы қызмет мәселелерін талқылау және шешу үшін Бюро құрылады. Бюроның сандық құрамын Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті бекітеді. Бюро туралы ережені және оның жеке құрамын Департаменттің директоры бекітеді .

12. Департаменттің қабылдаған шешімдері директордың бұйрығымен ресімделеді .